

Үшіншіден, адамға белгілі бір қоғамдық қатынастар аясында, ол атқаруға тиісті міндеттер жүктелуі керек.

Төртіншіден, адам сол міндеттерді орындауға толық мүмкіндігі болу қажет.

Бесіншіден, адам мүмкіндігі болған әрекетті орындау, қоғамға қауіпті зардаптың алдын алуы тиіс.

Осы шарттар орын алғанда кінәлінің қоғамға қауіпті әрекетсіздігі мен одан туындаған зардап арасында себепті байланыс орын алады.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.
2. 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары Жалпы редакцияны басқарған Т.Әбішев, С.Тұрсынов. – Астана, 2009. – 136 б.
3. Назарбаев Н.А. Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2010, январь -30.
4. Шаргородский М.Д. Причинная связь в уголовном праве// «Ученые труды ИЮН». - Вып.Х. -1947.
5. Шаргородский М.Д. Некоторые вопросы причинной связи в теории права // Советское государство и право. 1956. -№7. -С.38-51.
6. Сергеевский Н.Д. О значении причинной связи в уголовном праве. ч. II. Ярославль. – 1880.-544 с.
7. Merkel- Liepmann, Die Lehze von verbrechen und strafe, Stuttgart. 1912. -133-139 беттер.
8. Фойницкий И.Я. Мошенничество по русскому праву, ч.I.,- СПб. 1871. -214-219 беттер.
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997 жыл.
10. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Оқулық,Толықтырылып, екінші басылуы. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 320 б.

Given article considers some questions of a parity of a causal relationship and inactivity in criminal law. In this connection different views of scientists and the author on the given problem are resulted.

Данная статья рассматривает некоторые вопросы соотношения причинной связи и бездействия в уголовном праве. В связи с этим приводятся различные взгляды ученых и самого автора на данную проблему.

Т. Ағдарбеков

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП НОРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Егеменді ұлттық мемлекетіміздің әрі қарай құқықтық мемлекетімізді құру процесіндегі негізгі қажеттіліктерді айта келіп Н.А. Назарбаев «Ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдіс тіетанып түсіну, сөз жоқ қажет. Мұнсыз мемлекеттік дамудың логикасын болжау мүмкін емес» [1] – деп атап көрсетті.

Еліміздің жиырма жылдық тәуелсіздігін орнықтырудың стратегиялық міндеттерінің біріне-бұрынғы ұлттық тарихымыздағы тәуелсіз рухтағы көзқарасты орнықтыру болып табылады. Сондықтан Евроцентристік қатынасымдар негізінде қалыптасқан ұлттық тарихымыздың құрылымы мен мазмұнын қайта қарау бағытында, түрлі реформалардың жүргізілуінің қажет екендігін ескере отырып, дәстүрге бай қазақтың әдет-ғұрып құқығының бастаулары мен тарихи қалыптасу процесін жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеу, заңтану ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне жатады.

«Қылмыс» деген ұғым қазақтың әдет-ғұрып нормаларында арнайы белгіленбеген, және ұғым ретінде қалыптаспаған. Бірақ қылмыс адамның іс-әрекетінің бір түрі болғандықтан, сол әрекеттер не әрекетсіздіктер белгілі ортаға жақпаса, немесе зиян келтірсе, ондай әрекетті болдырмау мақсатында шара қолданылған. Сондықтан біздің ойымызша, қылмыс ұғымын, оның материалдық анықтамасын енгізу арқылы ғана анықтауға болатындығы дәлелденді. Себебі, материалдық мәнде құқықтың қайнар көзі, қоғамның экономикалық негізі құралады және тікелей құқықтық көзқарастар пайда болып, соған сай келетін құқықтық мекеме белгіленеді.

Қазақ құқығы кең байтақ қазақтар мекендеген қыпшақ даласында еркіндік, бостандық жағдайда эволюциялық қалыптасқан өзін-өзі негізінде дамыды. Әдет-ғұрып нормаларының қайнар көздеріне «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» жатады. Сондықтан, қазақ хандарының заң шығару жағдайына көңіл аударсақ, сол заң жинақтарының жалпы қасиеттермен құндылықтарын түсінеміз.

Мақсатымыз, қазіргі кездегі заман талаптарына сай қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілген жаңа көзқарастарға сүйене отырып, әдет-ғұрып нормаларындағы қылмыстың түсінігі мен түрлері туралы көзқарастарға көңіл аудару.

Қазақ құқығының қалыптасуы XIII ғасырда өмір сүрген Шыңғыс ханның «Орда биі» атанған Майқы биден басталған. Соған байланысты қазақ құқығы туралы сөз болғанда «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген сөз қалғандығы белгілі. [1]. Өйткені, салыстырып қарасақ, «Жеті жарғы» мен әйгілі тарихшы Рашид ад-Диннің «ат Тарих» атты еңбегінде оның айтуы бойынша [2] Майқы бидің сол кездегі жарлықтарымен ұқсастығын көруге болады. Яғни, қазақ әдет-ғұрып құқығының негізгі басталуы Ұлы Ясамен қоса Майқы биден басталғандығын ақиқат деп санаймыз.

Бұл бойынша, тарихшы М.Х. Сүлейменовтың «Эра Чингисхана в истории Казахской нации» деген еңбегінде «В 1206 году Чингисхан решил реформировать учение «Билік» и поручил Майқы-бию разработать новый символический язык биев с тем, чтобы этот язык был образным, афористичным, емким, вместе с тем высокопоэтичным, красочно-привлекательным» деп көрсетеді [3].

Зерттеуімізді «Жеті жарғының» бірінші бөлімі болып саналатын «Қасым ханның қасқа жолынан бастауды жөн көрдік.

Қасым хан ата-бабасынан қалған дәстүр, сонымен бірге қалыптасқан жаңа саяси, этникалық жағдайларға сай хандық билікті жалғастырушы, мемлекеттілікті дамытушы қайраткер болды. Яғни, Қасым хандық құрған кезде, өзінің заң жобаларын сол ата мұрасынан өзіне дейін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ата-бабаларының заң-қағидаларын басшылыққа ала білген. Себебі, халықтың ата-бабаларынан келе жатқан міндетті түрде, ұрпаққа қалдыратын, әр отбасына тән «шежіресі», жыр дастандары, ерекше тарихтары бар [4]. Сондықтан, біздің ойымызша, Қасым хан билікте отырған уақытта сол ата-бабаларынан қалған жыр-дастандарына, жол-жобаларына сүйене отырып билік жасаған, оларды өзінің «Қасым ханның қасқа жолына» негіз етіп алған. Сондай негіздің біреуі Шыңғыс ханның «Ясасы» деп айтуға болады [5].

Сол кездегі, қазақ қоғамы үшін ең маңызды рольді атқарған құбылыс елдің «Қазақ» деген атауға ие болуы. Осы туралы, белгілі ғалым В.П. Юдин «Қазақ этнонимінің этимологиясына қатысты айтар болсақ, XIV-XVI ғасырларда «Қазақ» деп-әртүрлі себептермен өз ортасынан бөлініп кеткен біртұтас ұжымдарды атаған» деп тұжырымдама жасаған [6]. Сонымен қатар, «қазақ» деген атау Қазақ хандығына дейін IX ғасырдан бастап белгілі болғандығы айтылады. Шығыстанушы В.П. Юдин «қазақ» атауын зерттей отырып былай деген: «Осының барлығы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» XVII ғасырдың екінші жартысындағы әдет-ғұрып құқығының бірінші рет кодификацияланған жинағынан, құндылығы жағынан өте жоғарғы деңгейдегі конституциялық құжат болып есептеледі.

Сол Тәуке ханның басшылығымен кемеңгер үш би - Төле, Қазбек, Әйтеке, қазақтың тұрмыс салтына сай келетін түсінікті «Жеті жарғыны» жазды.

«Жеті жарғы» құқықтану заңдар жинағы ретінде бірнеше тарауға бөлінеді: әкімшілік, қылмыстық және азаматтық.

Қылмыстың материалдық анықтамасында, қылмыстың негізгі сапасы-оның қоғамға қауіптілігімен анықталады. Яғни, қылмыс дегеніміз – адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті. Сондықтан Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексінің» 9-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыс дегеніміз «Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған, айыпталатын, қоғамға қауіпті іс әрекет /әрекет не әрекетсіздік/ қылмыс деп танылады»-деп көрсетілген.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларында «Жеті жарғыда» арнайы жазылған «қылмыс» деген сөз жоқ, бірақ оның орнына – «жаман қылық», «жаман іс» деген сөздер қолданылған, яғни «жаман қылық» қылмыстың түсінігін берген. Құқық нормаларында қылмыстың классикалық табиғаты дамыған феодализмдегідей сыртынан көрінбейді. Онда әдет-ғұрып нормалары бойынша қылмыс деп формалды түрдегі жәбірленуші мен оның туыстарына жасалған материалдық және моральдық зиян келтіру есептелген.

Осыған орай, қазақтың баяу дамыған құқықтық түсініктерін есепке ала отырып Шоқан Уәлиханов мынандай тұжырымдама жасаған: «От Киргизов и другом племенном организме и при других условиях среди и стихии нельзя требовать одинакового понимания и взгляда на преступления поступки, как у русских и от других европейцев» [2].

Әдет-ғұрып нормаларында қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне байланысты, қылмыстардың ішіндегі ауыр қылмыстар туралы арнайы анықтама жоқ.

Біздің ойымызша, ауыр қылмыстарды сол қылмыстарға арналған жазалардың ауырлығына байланысты айырып түсінуге болады. Мысалы, кісі өлтірген адамға өте үлкен құн төлеткен. Сонымен қатар, қылмыстың жалпы түсінігімен ауыр қылмыстар түсінігі туралы және сол не басқа қылмыстық әрекеттердің сипаты жөнінде, патриархалдық, феодалдық қатынастардың ерекшелігі жөнінде олардың пайда болып дамыған нақтылы ортасын зерттемей абстракты қарауға болмайды.

Кейбір авторлардың пікірінше, қазақтың әдет-ғұрып құқығында тіпті «қылмыстық әрекетті қылмыстан айырмаған» деген ойлармен келісуге болмайды. Сондай авторлардың бірі - Д. Андре, былай деген: «Всякое преступление, совершенной ординцем /исключая преступление против веры/, может оставаться без наказания, если обиженное и пострадавшие от того преступления лицо не изъявит на то претензии и не будет требовать удовлетворений» [3]. Себебі, әдет-ғұрып нормаларымен жәбірленушіге не оның туыстарына тигізген материалдық зиянды формалды түрде қылмыс ретінде мойындау, жеке адамның еркіне тәуелді болмады. Керісінше, қоғамдық мүдделерге сай әдет-ғұрып нормаларында көрініс тапты.

Тәуке хан жинағында және басқа да кейінгі әдет-ғұрып заңдарында қылмыстық әрекеттер тізімі көрсетіліп, олар үшін белгілі жазалар белгіленген.

Жәбірленушінің не оның туыстарының ықпалымен ғана қылмыстық істер қозғалған. Егер қылмыстық істер көшпенділер қоғамының мүддесіне қатысты болса /мал жайылатын жерді, қыстақты басып алса, көп мөлшерде малды ұрласа, әйелді ұрласа/ не көбірек беделді адамдардың заттық мүдделеріне тиісті болса, сұлтандармен билердің, ақсақалдардың көзқарастарына қарай іс қозғалып сотқа берілген [4].

Құлдардың қылмыстық іс қозғауға ешқандай құқығы болмаған. Ол туралы Тәуке ханның «Жеті жарғысында» «Жалоба раба на господина не приемлется» деп көрсетілсе, сондай тәртіп 1824 жылғы қазақтың «Адат» жинағында көрсетілген [5].

Сонымен бірге, төлеңгіттердің өз сұлтандарына қарсы арыздары, мал бағушылардың өзін жалдаған адамдарға деген, қарым-қатынастарына, әйелінің күйеуіне, баласының әке-шешесіне арыздары қабылданбаған. Сонымен барлық талас-тартыс үстем тап өкілдерінің пайдасына шешілген.

Сот процесінде қорғалатын объектінің сипатына байланысты әдет-ғұрып нормаларында: 1. Адам өміріне қарсы қылмыстық әрекеттердің айырмашылығына байланысты төмендегідей қылмыс түрлеріне бөлінген: а) Кісі өлтіру; б) Ұрып-соғу және денеге жарақат салу; в) Қорлау [6].

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларында адам өлтіргені үшін жазаланатын және жазалауға жатпайтын түрлері болған. Оларға мынандай қылмыстық әрекеттер жатқызылған: иесінің өз құлын өлтіруі, ұрыны қылмыс үстінде өлтіру. Сонымен қатар, әдет-ғұрып заңдары қасақаналықпен және абайсызда кісі өлтіруді айырып көрсеткен. Яғни, қорғалатын объектінің сипатына байланысты әдет-ғұрып нормаларында кісі өлтірудегі қылмыстық әрекеттердің айырмашылығына көңіл аударылып кінәні ауырлататын және кінәні жеңілдететін нормалар белгіленген.

Әдет-ғұрып нормаларындағы 2) От басына жасалатын қылмыстар. От басы-әр адамның өз ошағы, жұбайы, балалары, ата-анасы және жақын туыстары. Қазақ жерінде отбасы қасиетті болып саналған.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының қылмыстық құқығында от басына қарсы мынандай қылмыстар белгіленген:

- а) Әйел адамды ұрлау зорлау;
- б) Зинақорлық;
- в) Әйелді, қызды ұрлау [7];
- г) Ата-анаға қарсы қылмыс.

3) Мүліктік қатынастарға бағытталған қылмыстарға көңіл аударсақ, әдет-ғұрып заңдарында арнайыланған мүліктік қатынастарға қарсы қылмыстардың түсінігі берілмеген, тек «Мүліктік қатынастар» деп аталған. Мүліктік қатынастарға қарсы қылмыстық әрекеттерді екі топқа бөліп талдауға болады: а) ұрлық және тонау; б) біреудің мүлкін жою немесе зиян келтіру.

4) Қоғамға және басқару тәртібіне қарсы қылмыстар бойынша, әдет-ғұрып нормаларында билеу тәртібіне қарсы қылмыстардың түсінігі, басқа категориядағы қылмыстардың түсінігінен бөлініп көрсетілмеген. Мысалы, билік өкілдерінің қызметін, еңбегін бағалау, тіл тигізу, қорлау, қазақтың-ру зиялыларының ар – ұятына қарсы қылмыстың түсінігімен бірдей қаралады. Өтірік ант беру және өтірік куә болу, мемлекеттік билік органдарының қызметін бұзғандық қана емес, дінге қарсылық білдіру болып есептелген.

Тәуке хан заңдарында және басқа жоғарыда көрсетілген әдет-ғұрып нормаларының қайнар көздеріне мемлекеттік қылмыстарға не болмаса, солай аталатын «саяси» қылмыстарға қарсы белгіленген жауапкершілік жоқ.

Біздің ойымызша, оны бір орталыққа біріккен мемлекеттік биліктің жоқтығына не сондағы биліктің күшінің төмендігімен түсіндіруге болады. Яғни, «мемлекеттік қылмыс»-деген ұғым әдет-ғұрып нормаларында арнайы көрсетілмеген. Бірақ «мемлекеттік қылмысқа» жататын мынандай

қылмыстық әрекеттердің барлығын байқаймыз. Оларға: отанды сатқандар, әскерден қашқандар жатады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістерге байланысты әдет-ғұрып құқығындағы басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың қауіпті деңгейіне көзқарастар өзгеріске ұшырады. Осындай жағдайларға байланысты, басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды мынандай түрлерге бөлуге болады: өтірік жауап (өтірік ант, өтірік куәлік айту); құжаттарды ауыстыру; өтірік сөз тарату; үлкен қоғамдық жиналыстарда тәртіпті бұзу) [8].

5) Дінге қарсы қылмыстардың түрлері.

Шариғат заңдарында және әдет-ғұрып заңдарында да қылмыстың түсінігі, яғни оның қазіргі кездегідей қоғамға қауіптілігі, объектісі – неге қарсы қылмыстың жасалуы көрсетілмейді. Қылмысты шариғат заңдарында былай бөлген: қысас, диат, хадд.

«Жеті жарғының» мазмұнында дінге шариғатқа қарсы қылмыстардың (ауыр, жеңіл, орташа) түрлері көрсетілген.

Жоғарыдағы талданған ой-пікірлерді қорытындыласақ, қазіргі кездегі мәдениетіміздің қайта жаңғырулары - өміріміздің шын мәніндегі жетістіктеріне айналып отыр. Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының қайнар көздерінің арасында, өткен кездеріне қарамай тікелей сабақтастықтың бар екенін көруге болады және олардың құқықтық нормалары бір-біріне, мақсаты жағынан, мазмұны жағынан ұқсас және бірін-бірі толықтырып, осы уақытқа дейін маңызын жоғалтпай сақталғандығын көреміз. Сондықтан, халық мұрасын қайта жаңғыртып ұрпақтың мұратына жаратуға ұсынуымыз қажет екендігіне арнайы көңіл аударамыз.

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. –Алматы. 1999. 9 б.
2. Ш. Уәлиханов шығармалар, 170 б.
3. Д. Андре
4. «Жеті жарғы» 41 б.
5. «Адат» жинағы 42 б.
6. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. -Алматы. -2004. 224 бб.
7. Сонда 245 б.

In the given scientific article in the comparative plan the concept “crime” at the modern period and the same concept in norms of a common law of Kazakhs is elucidated.

В данной статье в сравнительном плане освещается понятие преступления в современный период и понятие преступления в нормах обычного права казахов

Н.С. Жетібаев

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРАТЫН МӘН-ЖАЙЛАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыстық іс-әрекетті жоққа шығаратын мән-жайлардың жалпы ұғымын анықтау ғылыми және тәжірибелік маңызға ие. Аталған ұғымның негізгі мақсаты, осы мән-жайларды сипаттайтын объективті шынайылықты көрсету. Басқаша айтқанда, аталған түсініктің негізінде қарастырып жатқан мән-жайлардың қасиеттерінің елеулі, негізгі анықтамалары жатыр [1, 13-14 бб.]. Қолданылып жүрген қылмыстық заң бойынша бұларға қажетті қорғану, аса (мәжбүрлі) қажеттілік, қылмыскерді ұстау, орынды кәсіби тәуекел, күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу, бұйрықты немесе өкімді орындау әрекеттері жатады. Осындай жағдайларда істелген әрекет немесе әрекетсіздік сырттай қылмыс белгілеріне ұқсағанымен, оларда қоғамға қауіптілік болмағандықтан қылмыс қатарына жатқызылмайды.

Қазіргі қоғамда қызметтің түрлері көп, соның ішінде медицина саласындағы қызмет ең жоғары жауапкершілікті талап ететін мамандықтардың қатарында саналады. Медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыретіне емдеу қызметі жатқызылады. Аталған қызмет адамдарды емдеу, органдарын алуға немесе ауыстыруға байланысты белгілі бір қиындықтар туындатады. Сонымен қатар, осы қызмет адамның өмірі және денсаулығын сақтауға бағытталғандықтан адамзаттың ең ізгілікті іс-әрекеті ретінде бағаланады. Дәрігердің емдік қызметі кәсіби тәуекелділік, аса қажеттілік немесе жәбірленушінің келісім беру тұрғысынан жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 34бабының 1бөлігіне сәйкес: аса қажеттілік деп осы Кодекспен қорғалатын, мүдделерге